

Қонаев қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Алматы облысы Қонаев қалалық мәслихатының 2023 жылғы 24 қазандағы № 11-38 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 қарашада № 6047-05 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағы 2-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қонаев қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қонаев қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қонаев қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Садыков

Қонаев қаласы мәслихатының 2023
жылғы 24 қазандағы № 11-38 шешіміне
1 қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Алматы облысы Қонаев қалалық мәслихатының 21.02.2025 № 39-143 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қонаев қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

1. Осы Қонаев қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау тәртібін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша өтініштер қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша Қонаев қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – Қонаев қаласының жергілікті атқарушы органды мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай – ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсетудегі жергілікті атқарушы органды – Қонаев қаласының әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органды;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – шамасы бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеу, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) участекілік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктер Қонаев қаласының әкімнінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия;

12) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық – коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру обьектілерінен алған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған обьектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізу дің "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандыру обьектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағы 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылyna 1 рет) көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндері мен атаулы күндердің тізбесі:

1) 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстан Демократиялық Республикасынан шыгару күні;

2) 26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні және де Семей ядролық сынақ полигонының жабылу күні – 29 тамыз;

3) 9 мамыр – Женіс күні.

6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу алушылар санаттарының тізбесі:

1) табиғи зілзала салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне нұқсан келтіруге байланысты әлеуметтік көмек;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне нұқсан келтіруге байланысты әлеуметтік көмек;

3) диспансерлік есепте тұрған АИТВ балаларының ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне немесе адамның иммун тапшылығы вирусымен ауыратын балаларға әлеуметтік көмек көрсету;

4) туберкулез түріндегі әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдарға әлеуметтік көмек;

5) бас бостандығынан айыру орындарынан босату, пробация қызметінің есебінде болу;

6) тәрбиелеуге әлеуметтік көмек.

7. Участелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Алматы облысы әкімдігінің қаулысымен бекітілген ережелер негізінде жүзеге асырады.

8. Алушылардың жекелеген санаттары үшін мереке күндері мен атаулы күндерге әлеуметтік көмекті Алматы облысының атқарушы органдарымен келісім бойынша Қонаев қаласының жергілікті атқарушы органдары жылына бір рет азаматтардың мынадай санаттарына ақшалай төлемдер түрінде бірыңғай мөлшерде белгілейді:

1) мэртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабымен белгіленген, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне 450 (төрт жүз елу) айлық есептік көрсеткіш;

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш;

3) Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайдына (жұбайына) 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш;

4) бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қымылдары

жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар деп белгіленген әскери қызметшілеріне 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

5) қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектігі бар деп белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

6) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Занының 5-бабымен белгіленген, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

7) Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

8) Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрган концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарына 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш;

9) Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар – ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

10) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай – ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарына 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

11) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектігі бар деп белгіленген адамдарға және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

12) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

13) Чернобыль атом электр станциясында сәуле ауруы салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ қайтыс болуы апаттың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

9. Санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек (бұдан әрі – санаторий-курорттық емделуге әлеуметтік көмек) заттай нысанда (Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес анықталған санаторлық – курорттық мекемелерге жолдама) немесе ақшалай түрде (Қазақстан Республикасының аумағында санаторий – курорттық емделу үшін кеткен шығынды тиісті қаржы жылына бюджеттік есепті жасау барысында бекітілген жолдаманың құны мөлшерінде өтеу) мұқтаж азаматтардың, жылына бір рет келесі санаттарына жан басына шаққандағы орташа табысты есепке алмай, тегін көрсетіледі:

1) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабымен белгіленген, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне;

2) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабымен белгіленген, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне;

3) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында белгіленген Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлеріне.

10. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына жылына бір рет көрсетіледі, атап айтқанда:

1) табиғи зілзаланың салдарынан зардал шеккен азаматтарға (отбасыларға) әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай:

оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайда (растайтын құжат болған жағдайда) –300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) өрттің салдарынан зардал шеккен азаматтарға (отбасыларға әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай :

оның мүлкіне зиян келтірілген жағдайда (растайтын құжат болған жағдайда) –300 (үш жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

әлеуметтік көмек өрт немесе төтенше жағдай болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей көрсетіледі;

дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі.

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға орташа табысы есепке алынбай 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға орташа табысы есепке алынбай 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

10-1. Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ай сайын көрсетіледі, атап айтқанда:

1) әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған азаматтарға (отбасыларға):

туберкулез ауруымен амбулаторлық ем қабылдан жатқан адамдарға әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) адамның иммунитет тапшылығы вирусын жүқтүрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төмен құнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде;

3) жан басына шаққандағы орташа табысы облыс бойынша ең төмен құнкөріс деңгейіне еселік қатынаста 70 пайыздық шектен аспайтын, балалары мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқитын отбасыларға 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

4) мәртебесі "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында айқындалған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш әлеуметтік көмек көрсетіледі.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

11. Мереке құндері мен атаулы құндерге орай әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын Алматы облысының атқарушы органдардарымен келісімі бойынша Қонаев қаласының жергілікті атқарушы органдары айқындаиды.

Әлеуметтік көмекті алушылардың тізімдері Мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады.

12. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан (немесе өкілі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша) жергілікті әлеуметтік көмек көрсету "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне немесе мемлекеттік корпорацияға осы қағидаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішпен немесе осы қағидалардың сәйкес нысан бойынша порталға электрондық түрдегі өтінішпен жүгінеді.

Жазбаша өтініш берген кезде құжаттарды қабылдайтын маман "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – АЖ) осы қағидаларға сәйкес нысанда сұрау салу қалыптастырады.

АЖ-да мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтініш беруші өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын қуәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер (адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамай тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды);

3) мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

дүлей апат салдарынан азamatқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

өрт салдарынан азamatқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмау фактісін растайтын құжат;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмау фактісін растайтын құжат;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады. Салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Өтініш беруші толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде осы қағидаларға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Өтініш беруші әлеуметтік көмекке портал арқылы электронды түрде жүгінген кезде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ – на қажетті мәліметтерді алу үшін өтініш берушінің өзі сұрау салады.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ – нан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді өтініш беруші өзінің ЭЦҚ – мен қуәландырады.

13. "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініштерді, оның ішінде электрондық өтініштерді әлеуметтік көмек көрсету түскен жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні тіркейді.

Осы қағидалардың 6-тармағы 1), 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мұқтаж азamatтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш түскен кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш берушінің құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп – қарау үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде участекелік комиссияға жібереді.

14. Участекілік комиссия құжаттарды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы қағидалардың 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, тұлғаның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүктаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі участекілік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттарымен бірге "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жібереді.

15. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

16. Қажетті құжаттардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты өтініш берушінің оларды ұсынуга мүмкіндігі болмаған жағдайда "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешімді өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың тиісті мәліметтерді қамтитын деректері негізінде қабылдайды.

17. "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі участекілік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұлғаның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

18. Арнайы комиссия құжаттар түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығарады, қорытынды он ғончан кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

19. "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттары тіркелген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытындысы негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы қағиданың 15 және 16-тармақтарында көрсетілген жағдайларда "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту негіздері анықталған кезде "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі шешім қабылдағанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын өтініш берушіні бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетіні туралы хабардар етеді.

Әлеуметтік көмек көрсету "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тыңдаудың уақыты мен күнін белгілейді, ол:

өтініш берушіні бейнеконференц – байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы тыңдауға шақыру;

ақпараттық жүйелерді пайдалану;

өтініш берушігө өзінің ұстанымын баяндауға мүмкіндік беретін өзге де байланыс тәсілдері арқылы жүзеге асырады.

Өтініш беруші әкімшілік істі алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде алдын ала шешімге қарсылығын білдіруге немесе айтуда құқылы.

Өтініш беруші өз қарсылығын ауызша білдірген жағдайда әлеуметтік көмек көрсету "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, лауазымды тұлға тыңдау хаттамасын жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсету "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі, лауазымды тұлға өтініш берушіні тыңдау хаттамасымен танысуға мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

Өтініш беруші танысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін беруге құқылы.

Ескертулерді қарау нәтижелері бойынша "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қағиданың 4 – қосымшасына сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

20. "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш берушігө осы қағидалардың 5-қосымшасына (бас тартқан жағдайда – осы қағидалардың 6-қосымшасына) сәйкес әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жолдайды.

Егер әлеуметтік көмек көрсетуге өтініште мобиЛЬДІ азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms – хабарлама жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Өтініш берушінің ұялы телефонына sms – хабарлама жіберу мүмкіндігі болмаса, әлеуметтік көмек көрсету "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі немесе мемлекеттік корпорация

әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарламаны басып шығарады және оны өтініш беруші өзі келген кезде береді.

Өтініш портал арқылы берілген болса, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің жеке кабинетіне портал арқылы автоматты режимде жіберіледі.

21. Мынадай:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артық болған;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартылады.

22. Әлеуметтік көмек көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру Қонаев қаласының бюджетінде ағымдағы қаржы жылына көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

"Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінен алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

23. Мынадай:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушылардың Қонаев қаласының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

24. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де тәртіппен қайтарылуға жатады.

25. Әлеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеу мен есепке алууды "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

26. Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган зейнетақы мен жәрдемақы алатын белсенді азаматтардың мәліметтерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастама жасайды.

Зейнетақы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар жөніндегі мәліметтер осы қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

27. Әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмекті Мемлекеттік корпорация арқылы төлеу процесіне бастама жасайды.

28. "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қабылдаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім негізінде Мемлекеттік корпорация:

біржолғы төлемдер бойынша – күн сайын;

ай сайынғы және тоқсан сайынғы төлемдер бойынша – төлем жасалатын айға дейінгі айдың 29-ы күніне әлеуметтік көмек төлеуге бюджет қаражатына сұраныс қалыптастырады.

29. Сұраныс қалыптастырылғаннан кейін Мемлекеттік корпорация келесі жұмыс күнінен кешіктірмей "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім жібереді.

"Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінім түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

"Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі төлем жасалатын айға дейінгі айдың 27-сі күнінен кейін түскен өтінімдер бойынша мемлекеттік корпорацияға төлем жасалатын айдың 1-не дейін әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімде көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

30. Мемлекеттік корпорация трансфертер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем кестесіне сәйкес төлем тапсырмаларын қалыптастырады және алушылардың банктік шоттарына төлеуді жүзеге асырады.

31. Әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан әлеуметтік көмек сомасы қайтарылған кезде "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан мәліметтер алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізеді.

32. Мемлекеттік корпорация ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік қызметтің артық есептелген (төленген) сомаларын "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі аударады.

33. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу Мемлекеттік корпорация мен "Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4-тaraу. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.

34. Қазакстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасауға құқылы.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі жоғары тұрған әкімшілік органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25 -бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспегендегі, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күннінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 5-тармағына сәйкес егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы қағидалардың 1-косымша
"Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесіның басшысына

Өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: ____ жылғы "___" _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Жеке басын қуәландыратын құжат түрі: _____

Құжаттың сериясы: ____ құжаттың нөмірі: ____ кім берген: _____

Берілген күні ____ жылғы "___" _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы _____

облысы

_____ қаласы (ауданы) _____ ауылы

_____ көшесі (шағын ауданы) _____ үй ____ пәтер

Банк деректемелері: _____

Банктің атауы _____

Банк шотының № _____

Телефон _____

Маған _____ әлеуметтік көмек тағайындауды сұраймын

Өтінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парактардың саны	Ескертпе
1	2	3	4

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлемді тағайындаған (қайта есептеген) кезде, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындаған кезде қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, ақпараттық жүйелерде бар, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Банк шотының иесі ретінде өзім туралы, екінші деңгейдегі банктердегі, қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның банк операцияларының тиісті тұрлеріне лицензиясы бар үйымдардағы, "Казпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді алуға келісім беремін.

Тұрғылықты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің өзгеруі туралы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жергілікті бюджеттен төленетін әлеуметтік көмекті есептеу үшін жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуға жүргінуіне жол берілмейтіні туралы хабардармын.

20 ____ жылғы " ____ "

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініш берушінің (занды өкілінің) қолы
Құжаттарды қабылдаған:

(өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолы)

20 ____ жылғы " ____ "

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы қағидалардың 1-1-қосымша
"Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесіның басшысына

"Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш

Азамат _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі: _____

Мемлекеттік органдардың растауы:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесінен алғынған деректер
Өтініш беруші туралы мәліметтер:

Жеке басын куәландыратын құжат түрі: _____

Құжат сериясы: _____

Құжат нөмірі: _____

Кім берген: _____

Берілген күні: _____

Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы:

_____ облысы _____ қаласы (ауданы)

_____ ауылы _____ көшесі (шағын ауданы)

_____ үй _____ пәтер

Маған _____ әлеуметтік көмек тағайындауды сұраймын.

Отінішке қоса берілген құжаттардың тізбесі:

P/c №	Құжаттың атауы	Құжаттағы парактардың саны	Ескертпе
1	2	3	4

Банктік деректемелер:

Банк атауы _____

Банктік шоттың № _____

Телефон _____

Электрондық пошта _____

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз міндеттемелерін орындаған, сондай-ақ төлемді тағайындаған (қайта есептеген) кезде "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өндеуге, ақпараттық жүйелерде бар, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Екінші деңгейдегі банктердегі, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар үйымдардағы, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелеріндегі банктік шот иесі ретінде өзім туралы және банктік шотымның нөмірі туралы мәліметтерді алуына келісім беремін.

Тұргылышты жерімнің (оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету), анкеталық деректердің, банктік деректемелердің барлық өзгерістері туралы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жергілікті бюджеттен төленетін әлеуметтік көмекті есептеу үшін жеке банктік шот ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындаш шоттағы ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алушы қолдануына жол берілмейтіні туралы хабардармын.

Отініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы _____

Отінішке қол қойылған күні мен уақыты:

____ . ____ . ____ жыл ____ сағат ____ минут ____ секунд

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне "электрондық үкімет" шлюзі арқылы өтініш берушінің, отбасы мүшелерінің ЖСН бойынша мынадай:

- 1) ЖТ МДҚ-дан жеке басты куәландыратын;
- 2) ЖТ МДҚ-дан тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;
- 3) әлеуметтік көмекті төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік деректемелері туралы;
- 4) "ЖМБМК" АЖ-да кадастрық нөмірі және жылжымайтын мүліктің мекенжайы туралы;
- 5) баланың (балалардың) туу туралы күәлігі немесе "АХАЖ" АЖ-да туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (азаматтық хал актілерінің жазбалары) бойынша;
- 6) "АХАЖ" АЖ-да неке қио туралы күәлік бойынша (азаматтық хал актілерінің жазбалары);
- 7) "ҰББДҚ" АЖ-да қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;
- 8) ЖТ МДҚ-дан 14 жастан асқан қорғаншылықтағы баланың тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы;
- 9) "ДНЭТ" АЖ-де жеке тұлғаның Д-есебінде тұруы жөніндегі мәліметтерді алу үшін сұрау салу қалыптастырылады.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-сынан және ЕДБ АЖ-дан сұратылатын мәліметтерді растайтын электрондық құжаттар "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың, ЕДБ-ның ЭЦҚ-сымен, сондай-ақ сұрау салуды жүзеге асырған мемлекеттік корпорация бөлімшесі қызметкерінің немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Ескертпе:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖТ МДҚ – "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры;

"ЖМБМК" АЖ – "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры" ақпараттық жүйесі;

АЖ – ақпараттық жүйе;

"АХАЖ" АЖ – азаматтық хал актілерінің ақпараттық жүйесі;

"ҰББДҚ" АЖ – "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесі;

"ДНЭТ" АЖ – "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйесі;

ЕДБ АЖ – екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйесі;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ЭЦК – электрондық цифрлық қолтаңба.

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұктаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы қағидасына

1-3-қосымша

Нысан

20 ____ жылғы "___" _____ әлеуметтік көмек көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Азамат

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

өтініш берген куні: 20 жылғы " "

өтініш берушінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 523 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы қағиданың 12-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынуына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге өтінішін қабылдаудан бас тартылды (керегінің астын сыйзу).

(жауапты тұлғаның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың осы қағидалардың 2-қосымша

Адамның (отбасының) мұктаждығын айқындауға арналған тексеру АКТІСІ

20 жылғы " "

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

 2. Тұратын мекенжайы _____
 3. Өтініш берушінің әлеуметтік көмекке өтініш беруінің себептері

 4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде _____

Коғамдық жұмыстарға

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы жүмыс, оқу орны	Жұмыспен қамтылмау себебі	катастыры, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатастыры туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет)

5. Тұрып жатқан жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге көрсету қажет):

Тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығыстар:

Отбасының табысы:

P/c №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Табыс түрі	Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер			
			Откен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)	тоқсанға	орталы есеппен айына	
1	2	3	4	5	6	

6. Мыналардың бар-жоғы:

автокөлігі (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түсетін мәлімделген табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге тұрғын үйі (оны пайдаланғаннан түсетін мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге табысы (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі:

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы:

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____
(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жасалған актімен таныстым: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

(өтініш беруші тексеру жүргізілуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Күні _____

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың осы
қағидалардың З-косымша

Участекелік комиссияның № _____ қорытындысы

20__ ж. ____

Участекелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алуға өтініш
берген тұлға (отбасы)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде тұлғаға (отбасыға) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті ұсынудың

(қажеттігі, қажетінің жоқтығы) туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Корытынды қоса берілген құжаттармен ____ данада 20 ____ ж. "____" _____
қабылданды.

_____ құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық
округ әкімінің немесе әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган
қызыметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы,

қолы _____

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың осы
қағидалардың 4-қосымша

Қонаев қаласы әкімдігінің 20 ____ жылғы ____ № ____ әлеуметтік көмек көрсету (
көрсетуден бас тарту) туралы шешімі

Отініш беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жынысы _____

Туған күні _____

Мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздеменің болу фактісін растайтын құжаттың
нөмірі және берілген күні _____

Арнайы комиссияның қорытындысы (осы қағиданың 21-тармағының 1), 2) және 4)
тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша):

1. Әлеуметтік көмек көрсетілсін.

Әлеуметтік көмектің мөлшері: _____ (жазбаша)

Жиілігі: _____ (жазбаша)

2. _____ (бас тарту негізі) әлеуметтік
көмек көрсетуден бас тартылсын.

Бөлім басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Маман _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың осы
қағидалардың 5-косымша

20__ жылғы "__" _____
(әлеуметтік көмек түрі)

әлеуметтік көмек көрсету туралы хабарлама

Азамат _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні _____

20__ жылғы "__" ____ № ____ әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім

Тағайындалған сома:

20__ жылғы "__" _____ бастап _____ теңге
(сомасы жазбаша)

Хабарлама жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен
куәландырылды

(жауапты тұлғаның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың осы
қағидалардың 6-косымша

20__ жылғы "__" _____
(әлеуметтік көмек түрі)

әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту туралы хабарлама

Азамат _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні _____

20__ жылғы "__" ____ № ____ әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту туралы шешім

негіз (себептерін көрсету)

көрсетуден бас тартылды.

Хабарлама жауапты тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен
куәландырылды

(жауапты тұлғаның лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж

азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың осы
қағидалардың 7-косымша

Зейнетакы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар бойынша мәліметтер

Бөлімше:

Төленетін айы:

P/c №	Облыс	Өнір	Жеке сыйкестендіру нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты (бар болса)
1	2	3	4	5	6	7

Жалғасы

телефон нөмірі (бар болса)	Төлем түрінің атауы	Төлем коды	Қамкоршының мәліметтері (жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балалар үшін)			
			жеке сыйкестендіру нөмірі	тегі	аты	әкесінің аты (бар болса)
8	9	10	11	12	13	14

Қонаев қаласы мәслихатының 2023
жылғы 24 қазандығы № 11-38 шешіміне
2 қосымша

Қонаев қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шептімдерінің тізбесі

1."Қапшағай қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Қонаев қаласы маслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 31-143 шешімі (Нормативтік құықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4545 болып тіркелді).

2."Қапшағай қалалық мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандығы "Қапшағай қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 31-143 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Қонаев қаласы маслихатының 2019 жылғы 18 шілдедегі № 54-201 шешімі (Нормативтік құықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4848 болып тіркелді).

3. "Қапшағай қаласы маслихатының 2018 жылғы 14 ақпандығы "Қапшағай қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 31-143 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қонаев қаласы мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 67-250 шешімі (Нормативтік құықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5446 болып тіркелді).

4. "Қапшагай қаласы маслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы "Қапшагай қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалдарын бекіту туралы" № 31-143 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қонаев қаласы мәслихатының 2022 жылғы 18 қантардағы № 18-54 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 26606 болып тіркелді).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК